Клиенттерді қолдау қызметі _____	26
Кепілдік талоны _____	27

## Шартты белгілер

---



**Назар аударыңыз - Қауіпсіздік техникасы жөніндегі маңызды ақпарат**



**Жалпы ақпарат және кеңестер**



**Экологиялық ақпарат**



### **Кәдеге жарату**

Қоршаған ортаны және адамдардың денсаулығын қорғауға көмектесіңіз. Қаптаманы тиісті қайта өңдеу контейнерлеріне кәдеге жаратыңыз. Электрлік және электрондық құрылғылардың қалдықтарын қайта өңдеуді жүзеге асыруға көмектесіңіз. Осы таңбамен белгіленген бұйымдарды тұрмыстық қалдықтармен бірге кәдеге жаратуға тыйым салынады. Бұйымды жергілікті қайта өңдеу кәсіпорнына тапсырыңыз немесе жергілікті муниципалдық мекемеге жүгініңіз.



**Назар аударыңыз!**

**Жарақат алу немесе тұншығу қаупі!**

**Құрылғыны қуат көзінен ажыратыңыз. Желілік кабельді кесіп алып, оны кәдеге жаратыңыз.** Балалар мен үй жануарлары құрылғының ішінде бекітіліп қалмауы үшін есіктің бекітпесін алып тастаңыз.



**Ескерту: Барлық кескіндер сұлбалық болып табылады**

# 1 Сақтық шаралары

## Кәдеге жарату

Қоршаған ортаны және адамдардың денсаулығын қорғауға үлес қосыңыз. Қаптаманы тиісті контейнерге салу арқылы қайта өңдеуге жіберіңіз. Электр және электрондық жабдықтың қалдықтарымен де солай жасаңыз. Осы таңбамен белгіленген құрылғыларды тұрмыстық қалдықтармен бірге кәдеге жаратуға тыйым салынады. Құрылғыны жергілікті кәдеге жарату пунктіне жіберіңіз немесе муниципалды басқармаға хабарласыңыз.



### НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

#### Өрт қаупі/тез тұтанғыш материал.



Бұл таңба құрылғының құрылымында тез тұтанғыш материалдардың болуына байланысты өрт қаупін көрсетеді. Тез тұтанғыш материалдардың жануына байланысты өрттің шығуына жол бермеу үшін абай болыңыз.



### НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

#### Жарақат алу немесе тұншығу қаупі!

Тоңазытқыш агенттер мен газдар арнайы кәдеге жаратуға жатады. Қайта өңдеуден бұрын тоңазытқыш агент тізбегіндегі түтіктердің зақымдалмағанына көз жеткізіңіз. Құрылғыны электр қуат көзінен ажыратыңыз. Желілік кабельді кесіп алып, оны кәдеге жаратыңыз. Сөрелер мен контейнерлерді алып тастаңыз, балалар мен үй жануарлары құрылғының ішінде құлыпталмауы үшін есіктің бекіткіші мен тығыздағышты алыңыз.

#### Құрылғыны бірінші рет қоспас бұрын, қауіпсіздік нұсқауларын төменде оқып шығыңыз!



### НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

#### Алғаш рет пайдаланар алдында

- ▶ Тасымалдау кезінде зақымдаулардың болмағанына көз жеткізіңіз.
- ▶ Барлық қаптаманы алып тастап, оны балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.
- ▶ Орнатпас бұрын, тоңазытқыш агенттің тізбегінің максималды тиімділігін қамтамасыз ету үшін кем дегенде екі сағат күтіңіз.
- ▶ Құрылғының үлкен салмағына байланысты онымен барлық манипуляцияларды кем дегенде екі адам орындауы керек.

## Орнату

- ▶ Құрылғыны жақсы желдетілетін жерге орналастырған дұрыс. Құрылғының үстінде және айналасында кемінде 10 см бос орын болу керек.
- ▶ Құрылғыны ешқашан ылғалды жерлерде немесе оған су шашырауы мүмкін жерлерде орнатпаңыз. Судың шашырауы мен дақтарын жұмсақ таза шүберекпен сүртіңіз.
- ▶ Құрылғыны тікелей күн сәулесі түсетін аумаққа немесе жылу көздеріне (мысалы, пештерге, жылытқыштарға) жақын орнатпаңыз.
- ▶ Құрылғы оның өлшемі мен мақсатына сәйкес келетін жерде орнатылып, көлденеңінен туралануы керек.
- ▶ Құрылғының желдету саңылауларын жаппаңыз.
- ▶ Зауыттық тақтайшасында көрсетілген электр қуаты сипаттамалары электр қуат көзі параметрлеріне сәйкес келетініне көз жеткізіңіз. Сәйкессіздік жағдайда электрликтің көмегіне жүгініңіз.
- ▶ Құрылғы 220-240 В айнымалы ток, 50 Гц қуат көзінен жұмыс істейді. Кернеудің қалыптан тыс ауытқуы құрылғыны іске қосуға кедергі келтіруі немесе температура реттегіштің не компрессордың зақымдалуына, сондай-ақ жұмыс кезінде қалыптан тыс шудың пайда болуына әкелуі мүмкін. Бұл жағдайда автоматты реттегіш орнату қажет.
- ▶ Құрылғыны электр желісіне қосу үшін ұзартқыштар мен көп ұяшықты ауыстырғыштарды пайдаланбаңыз.
- ▶ Құрылғының артқы панеліне тасымалданатын розеткаларды немесе портативті қуат көздерін қоймаңыз.
- ▶ Кабель мұздатқыш аяқтарының астына түспегеніне көз жеткізіңіз. Электрлік қуат көзінің кабелін баспаңыз.



### НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- ▶ Қуат алу үшін жерге тұйықталған бөлек электр розеткасын пайдаланыңыз, оған еркін қол жеткізуге мүмкіндік беріңіз. Құрылғы міндетті түрде жерге тұйықталуы керек.
- ▶ Тоңазытқыш агент сұлбасының зақымдануына жол бермеңіз.

## Күнделікті пайдалану

- ▶ Бұл құрылғыны 8 жастағы не одан асқан балалардың және физикалық, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеті шектеулі немесе тиісті тәжірибесі мен білімі жоқ тұлғалардың (егер пайдалануы қадағаланса, құрылғыны қауіпсіз пайдалану туралы нұсқаулық берілсе және ықтимал қауіптерді түсінсе) пайдалануына рұқсат етіледі.
- ▶ 3 пен 8 жас аралығындағы балаларға құрылғыны пайдалануға рұқсат етіледі, бірақ оны тазалауға немесе орнатуға рұқсат етілмейді.
- ▶ 3 жасқа толмаған балалардың үнемі қараусыз құрылғыға жақын жерде жүруіне жол бермеңіз.
- ▶ Балаларға құрылғымен ойнауға тыйым салынады.
- ▶ Егер құрылғыға жақын жерде газ тәрізді тоңазытқыш агенттің немесе басқа тез тұтанғыш газдың аққаны байқалса, газ шығып жатқан құбырдың клапанын жауып, есік-терезені ашыңыз, мұздатқыштың немесе басқа құрылғының электрлік қуат көзі кабелінің ашасын розеткадан шығармаңыз. Мұздатқыш көрсетілген диапазоннан жоғары немесе төмен температурада ұзақ уақыт бойы дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін екенін ескеріңіз.
- ▶ Заттардың құлауынан немесе сумен жанасқанда электр тогының соғуынан зақымдануды болдырмау үшін мұздатқышқа тұрақсыз заттарды (ауыр заттар, су

ыдыстары) қоймаңыз.

- ▶ Есіктегі сөрелерді тартпаңыз. Бұл жағдайда, есік еңкейіп, құрылғы аударылып кетуі мүмкін.
- ▶ Тек тұтқаларды ұстап, есіктерді ашыңыз және жабыңыз. Есік пен құрылғының корпусы арасындағы алшақтық өте тар. Сондықтан, саусақтарыңызды қысып алмау үшін қолдарыңызды сұқпаңыз. Мұздатқыштың есігін ашар немесе жабар алдында балаларға тиіп кетпейтініне көз жеткізіңіз.



### **НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!**

- ▶ Бұл құрылғыда немесе оған жақын жерде тез тұтанғыш, жарылу қаупі бар немесе коррозиялық материалдар сақтамаңыз және пайдаланбаңыз.
- ▶ Мұздатқышта дәрілерді, бактериологиялық немесе химиялық заттарды сақтамаңыз. Бұл құрылғы тұрмыста пайдалануға арналған. Онда температуралық режимді қатаң сақтауды қажет ететін материалдарды сақтау ұсынылмайды.
- ▶ Мұздатқышта сұйықтық (спирттің пайыздық мөлшері жоғары спиртті сусындардан басқа), әсіресе газдалған сусын құйылған бөтелкелерді немесе қаңылтыр құтыларды еш уақытта сақтамаңыз, себебі олар мұздатқанда жарылып кетуі мүмкін.
- ▶ Мұздатқыш камерасында температура көтерілсе, тамақ өнімдерінің күйін тексеріңіз.
- ▶ Мұздатқыш камерасында тым төмен температура орнатпаңыз. Құрылғы ішінде ең төменгі температураны орнатқан кезде, теріс температура болуы мүмкін. Бұның нәтижесінде бөтелкелер жарылып кетуі мүмкін.
- ▶ Мұздатылған тағамды ылғалды қолмен ұстамаңыз (қолғап киіңіз). Мұздатқыш камерадан шығарғаннан кейін бірден жеміс мұзын қолданбаңыз. Үсіп қалу қатері бар. АЛҒАШҚЫ КӨМЕК: зардап шеккен аймақты дереу суық су ағынына қойыңыз. Жұлып алуға әрекеттенбеңіз!
- ▶ Мұздатқыш камерасының ішкі бетіне жұмыс істеп тұрған кезде қолды, әсіресе ылғал қолды тигізбеңіз, себебі қол бетке жабысып қалуы мүмкін.
- ▶ Электр қуат көзін беруде үзіліс болған жағдайда немесе тазалау алдында құрылғыны әрдайым электр қуаты желісінен ажыратыңыз. Құрылғыны қайта іске қоспас бұрын кем дегенде 7 минут күтіңіз, себебі жиі іске қосу компрессорға зақым келтіруі мүмкін.
- ▶ Ішкі бөліктерді тазалау кезінде, егер олар өндіруші ұсынған түрге сәйкес келмесе, электр аспаптарын пайдаланбаңыз. Қызмет көрсету/тазалау
- ▶ Балалар құрылғыны тек ересектердің бақылауымен тазалап, күтіп ұстай алады.
- ▶ Тұрақты техникалық қызмет көрсетуді бастамас бұрын құрылғыны электр розеткасынан ажыратыңыз. Мұздатқышты қайта іске қоспас бұрын кем дегенде 7 минут күтіңіз, себебі жиі іске қосу компрессорға зақым келтіруі мүмкін.
- ▶ Құрылғыны орнатқан кезде қуат сымының қысылмағанына және зақымдалмағанына көз жеткізу керек. Қуат сымы зақымдалған жағдайда қауіпті болдырмау үшін оны өндіруші, сервистік қызмет немесе осыған ұқсас білікті персонал ауыстыруы тиіс.
- ▶ Құрылғының артқы панеліне тасымалданатын розеткаларды немесе портативті қуат көздерін қоймаңыз.
- ▶ Мұздатқыш бөліктерінің ішіндегі электр құрылғылары өндіруші ұсынған типке сәйкес келмесе, оларды пайдаланбаңыз.
- ▶ Мұздатқышта жарылу қаупі бар заттарды сақтамаңыз, мысалы, тез тұтанғыш газы бар аэрозольді баллондар.



### **НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!**

- ▶ Құрылғыны розеткадан ажыратқанда, кабельді емес, ашаны тартыңыз.
- ▶ Құрылғыны тазалау үшін қатты немесе сым щеткаларды, кір жуатын ұнтақты, бензинді, амиллацетатты, ацетонды және ұқсас органикалық еріткіштерді, сондай-ақ қышқыл немесе сілтілі еріткіштерді пайдаланбаңыз. Құрылғыға зақым келтірмеу үшін оны арнайы жуғыш затпен тазалаңыз.
- ▶ Мұзды өткір заттармен шағып алмаңыз. Пластикалық бөлшектердің зақымдалуын болдырмау үшін аэрозольдерді, электр жылытқыштарды, фендерді, бу тазалағыштарды және басқа да жылу көздерін пайдаланбаңыз.
- ▶ Мұзын еріту процесін жылдамдату үшін дайындаушы ұсынғаннан басқа механикалық құрылғыларды немесе басқа құралдарды пайдаланбаңыз.
- ▶ Жарақаттануды және электр тогының соғуын болдырмау үшін электрлік қуат көзінің зақымдалған кабелін тек өндіруші, сервистік орталықтың өкілі немесе ұқсас біліктілікке ие тұлға ауыстыруы керек.
- ▶ Құрылғыны өз бетіңізбен жөндеуге, бөлшектеуге немесе оның құрылымына өзгерістер енгізуге әрекеттенбеңіз. Қажет болса, сервистік қызметке хабарласыңыз.
- ▶ Жану қаупін болдырмау үшін, сондай-ақ қуатты тұтынуды болдырмау үшін құрылғының артқы жағындағы шаңды жылына кем дегенде бір рет сүртіңіз.
- ▶ Тазалау кезінде құрылғыға су шашпаңыз немесе оған су құймаңыз.
- ▶ Құрылғыны тазалау үшін су бүркімеңіз немесе буды пайдаланбаңыз.
- ▶ Тоңазытқыштың салқын шыны серелерін ыстық сумен жумаңыз. Температураның кенет өзгеруінен шыны шытынап кетуі мүмкін.

#### **Тоңазытқыш агент туралы ақпарат**



### **НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!**

Құрылғы құрамында ИЗОБУТАН (R600a) тез тұтанғыш тоңазытқыш агенті бар. Тасымалдау немесе орнату кезінде тоңазытқыш агент контурының зақымдалмағанына көз жеткізіңіз. Тоңазытқыш агенттің ағып кетуі нәтижесінде көз жарақаты болуы немесе тоңазытқыш агент тұтануы мүмкін. Егер зақымдалса, ашық от көздерін мұздатқышқа жақындатпаңыз, орынжайды әбден желдетіңіз, мұздатқыштың немесе кез келген басқа құрылғының электрлік қуат көзі кабельдерін қоспаңыз не ажыратпаңыз.

Егер тоңазытқыш агент көзге тиіп кетсе, оларды дереу ағынды сумен жуып, офтальмологпен кеңесіңіз.

## 2 Мақсаты бойынша пайдалану

Құрылғы азық-түлікті мұздатуға арналған. Ол тек дүкендердегі, кеңселердегі және басқа да жұмыс орынжайларындағы, фермалар мен қонақүйлердегі, мотельдердегі және қонатын жер мен тамақтануды ұсынатын басқа да ұқсас мекемелердегі, сондай-ақ қоғамдық тамақтандыруды ұйымдастыру жөніндегі компанияларындағы персоналға арналған асүйлер сияқты тұрмыстық және ұқсас жағдайларда пайдалануға арналған. Құрылғы коммерциялық не өнеркәсіптік пайдалануға арналмаған.

Құрылғының конструкциясына өзгерістер енгізуге рұқсат етілмейді. Мақсаттан тыс пайдалану қауіпті жағдайларға және барлық кепілдікті міндеттеменің жойылуына әкелуі мүмкін.



### ЕСКЕРТУ:

Техникалық өзгерістерге және түрлі модельдерге байланысты осы нұсқаулықтағы суреттер сіздегі модельден өзгеше болуы мүмкін.



- 1. Басқару панелі
- 2. Пластик сөрелер




- 3. Шыны сөре
- 4. Контейнерлер
- 5. Реттелетін аяқтар

### Жиынтықтылығы

Осы тізімге сәйкес жиынтықтылық мен құжаттаманы тексеріңіз:

Энергиятиімділік  
заттаңбасы



Пайдалану жөніндегі  
нұсқаулық




Қолмен ерітуге  
арналған күрекше



## 3 Басқару панелі

### Басқару панелі



Температураны реттеу (термостат)



#### ЕСКЕРТУ:

Сақтау температурасы ең төменгі деңгейден ең жоғары деңгейге дейін төмендейді.

#### Ұсыным

- ▶ Мұздатқыш реттегішінің стандартты орны суретте көрсетілген.
- ▶ Мұздатқыштағы температура тым жоғары болса, қажетті температураны орнату үшін реттегішті сағат тілімен бұраңыз.
- ▶ Мұздатқыштағы температура тым төмен болса, қажетті температураны орнату үшін реттегішті сағат тіліне қарсы бұраңыз.
- ▶ Нақты қажеттіліктерге сәйкес температура реттегішінің орнын таңдаңыз.

#### Еске салу

- ▶ Қоршаған ортаның жоғары температурасы мен мұздатқыш реттегішіне үлкен мән орнатылған кезде мұздың пайда болу процесі үздіксіз, ал камерадағы температура — тым төмен болуы мүмкін.
- ▶ Қоршаған ортаның төмен температурасында және реттегіште төмен мәнді орнатқанда мұздатқыш қосылмауы мүмкін, бұл камерадағы температураның жоғарылауына және азық-түлікті сақтау жағдайларының нашарлауына әкеледі.
- ▶ Температураны реттегеннен кейін мұздатқыш камерасындағы температура тепе-теңдігіне жету үшін уақыт қажет. Бұл кезеңнің ұзақтығы баптаудың өзгеру мөлшеріне, қоршаған ортаның температурасына, есіктің ашылу жиілігіне және мұздатқыш камерасындағы өнімдердің санына байланысты.

### Алғаш рет пайдаланар алдында

- ▶ Қаптау материалдарының барлығын алып тастаңыз, оларды балалардың қолы жетпейтін жерде сақтап, қоршаған ортаға қауіпсіз жолмен кәдеге жаратыңыз.
- ▶ Құрылғының ішін, корпусын және қосымша керек-жарақтарды бейтарап жуғыш затпен суға малынған жұмсақ шүберекпен сүртіңіз, содан кейін оларды құрғатыңыз.
- ▶ Құрылғы тураланған және жуылған соң оны қуат көзіне қоспас бұрын кем дегенде 2 сағат күтіңіз. «ОРНАТУ» тарауын қараңыз.
- ▶ Өнімдерді жүктемес бұрын, жоғары температура баптауларында бөліктерді алдын ала салқындатыңыз.

### Температураны реттеу

Құрылғының ішіндегі температураға мынадай факторлар әсер етеді:

- ▶ Қоршаған орта температурасы
- ▶ Есіктің ашылу жиілігі
- ▶ Сақталатын тамақ өнімдерінің саны
- ▶ Құрылғыны орнату орны

### Жаңа өнімдерді сақтау бойынша ұсыныстар

- ▶ Мұздатқыш камерасындағы температураны  $-18^{\circ}\text{C}$  деңгейінде ұстаңыз.
- ▶ Ыстық тағамды мұздатқыш камерасына сақтауға дейін бөлме температурасына дейін салқындату керек.
- ▶ Өнімдер кішкене бөліктеріне бөлінгенде, тезірек мұздатылады да, мұздату және дайындау оңайырақ болады. Әр порцияның ұсынылатын салмағы 2,5 кг-нан аз.
- ▶ Тағамды мұздатқыш камерасына қоймас бұрын оны қаптау ұсынылады. Қаптамалар бір-біріне жабысып қалмас үшін қаптаманың сыртқы бөлігі құрғақ болуы керек. Қаптау материалдары иіссіз, тығыздалған, улы емес және улы емес болуы керек.
- ▶ Сақтау мерзімінен асып кетпеу үшін түрлі тағам өнімдерінің жарамдылық мерзіміне сәйкес қаптамадағы мұздату күнін, сөренің қолданылу мерзімін және өнімнің атауын көрсетіңіз.
- ▶ Если вам необходимо заморозить большое количество продуктов за один раз, рекомендуется, перед тем как поместить продукты в морозильную камеру заранее установить максимальную температуру на 24 часа. После того, как вы положили продукты в морозильную камеру, вы можете отрегулировать температуру в соответствии с фактическими потребностями.
- ▶ Егер сізге бір уақытта көптеген тағамдарды мұздату қажет болса, тағамды мұздатқышқа салмас бұрын, ең жоғары температураны 24 сағатқа алдын ала орнатқан жөн. Азық-түлікті мұздатқышқа салғаннан кейін температураны нақты қажеттіліктерге сәйкес реттеуге болады.



## **НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!**

Қышқылдар, сілтілер, тұздар және т.б. мұздатқыш камераның ішкі жабынын бүлдіруі мүмкін.

- ▶ Бұл заттардың құрамында (мысалы, теңіз балығы сияқты) бар тағамдарды мұздатқыш камераның ішіне тікелей бедерге тікелей қоймаңыз. Мұздатқышқа кірген тұзды су дереу алынып тасталады және бет тазартылады.
- ▶ Өндірушілер ұсынған тағамның жарамдылық мерзімінен асырмаңыз. Мұздатқыш камерадан қажетті өнімдер санын ғана шығарған жөн.
- ▶ Еріген тағамдарды тез тұтыну керек. Оларды алдын ала термиялық өңдеусіз қайта мұздатуға болмайды, әйтпесе олар тағамдық құндылығын жоғалтуы мүмкін.
- ▶ Мұздатқыш бөлікке шамадан тыс көп мөлшерде жаңа тағамды салмаңыз. Мұздатқыш камераның жұмысы туралы ақпарат ТЕХНИКАЛЫҚ ДЕРЕКТЕР тарауында немесе тоңазытқыш үлгісіндегі ақпарат тақтайшасынан табуға болады.
- ▶ Тағам түріне байланысты оларды мұздатқышта  $-18^{\circ}\text{C}$ -тан аспайтын температурада 2 айдан сақтауға болады (ет: 3-12 ай, көкөністер: 6-12 ай).
- ▶ Жаңа піскен тағамдарды мұздату кезінде олардың мұздатылған тағамдармен жанасуына жол бермеңіз. Мұздатылған тағамдар еруі мүмкін!

### **Бастапқыда мұздатылған өнімдерді сақтау кезінде мына ұсыныстарды орындаңыз:**


- ▶ Әрқашан сақтау мерзіміне қатысты өндірушінің нұсқауларын орындаңыз. Сол мерзімдерден асырушы болмаңыз!
- ▶ Өнімнің сапасын сақтау үшін сатып алу мен сақтау арасында ең аз уақыт кезеңі болатынына көз жеткізуге тырысыңыз.
- ▶  $-18^{\circ}\text{C}$  немесе одан төмен температурада сақталған мұздатылған тағамдарды сатып алыңыз.
- ▶ Қаптамасында мұз немесе қырау бар тағамдарды сатып алудан аулақ болыңыз, бұл тағамның бұрын жартылай еріген және қайта мұздатылған болуы мүмкін екенін көрсетеді. Температураның өзгеруі тамақ өнімдерінің сапасына кері әсер етеді.

## 5 Жабдық




### ЕСКЕРТУ:

Моделіне байланысты сіздің құрылғыңызда төменде аталған функциялардың барлығы болмауы мүмкін. ҚҰРЫЛҒЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ тарауын қараңыз.



### Мұздатқыш камера

Мұздатқыш камерасын пайдалану және орнату туралы ақпаратты ПАЙДАЛАНУ тарауынан қараңыз.



### Алмалы-салмалы жылжымалы контейнер

Тартпа контейнерді алу үшін оны өзіңізге қарай ①-белгіге дейін тартыңыз, оны ②-белгіге дейін көтеріп, алыңыз.

Контейнерді орнына қою үшін жоғарыдағы қадамдарды кері ретпен орындаңыз.



### Энергия үнемдеуге қатысты ұсыныстар

- ▶ Құрылғының жеткілікті желдетілгеніне көз жеткізіңіз («Орнату» тарауын қараңыз).
- ▶ Құрылғыны тікелей күн сәулесі түсетін аумаққа немесе жылу көздеріне (мысалы, пештерге, жылытқыштарға) жақын орнатпаңыз.
- ▶ Құрылғының ішіндегі температура шамадан тыс төмен болуына жол бермеңіз. Белгіленген температура неғұрлым төмен болса, энергия шығыны соғұрлым жоғары болады.
- ▶ Құрылғыға жылы азық-түлікті салмас бұрын, оларды суытып алыңыз.
- ▶ Құрылғының есігін мүмкіндігінше аз және қысқа уақытқа ашуға тырысыңыз.
- ▶ Ауа айналымына кедергі келтірмеу үшін мұздатқышты шамадан тыс толтырмаңыз.
- ▶ Айналып жатқан ауа тамақ өнімдерінің қаптамасының ішіне кірмеуін қадағалаңыз.
- ▶ Есікті мықтап жабу үшін оның тығыздағышын таза ұстау керек.
- ▶ Ең энергияны үнемдейтін конфигурацияда тартпа контейнер, азық-түлік контейнері және сөрелер зауыттық жағдайда орнатылуы, ал азық-түлік құбырының шығуына кедергі келтірмейтіндей етіп орналастырылуы керек.

## 7 Күтім және тазалау



### НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Тазалау алдында құрылғыны розеткадан ажыратыңыз.

### Тазалау


Құрылғыны тазалау аз мөлшерде немесе толық өнім болмаған жағдайда жүргізілуі керек.

Техникалық қызмет көрсету және бүлінген өнімдердің жағымсыз иісін болдырмау үшін құрылғыны төрт апта сайын жуу керек.



### НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- ▶ Құрылғыны тазалау үшін қатты немесе сым щеткаларды, кір жуатын ұнтақты, бензинді, амилацетатты, ацетонды және ұқсас органикалық еріткіштерді, сондай-ақ қышқыл немесе сілтілі еріткіштерді пайдаланбаңыз. Құрылғыға зақым келтірмеу үшін оны арнайы жуғыш затпен тазалаңыз.
- ▶ Тазалау кезінде құрылғыға су шашпаңыз немесе оған су құймаңыз.
- ▶ Құрылғыны тазалау үшін су бүркімеңіз немесе буды пайдаланбаңыз.
- ▶ Тоңазытқыштың салқын шыны сөрелерін ыстық сумен жумаңыз. Өткір температураның секіруі әйнекте сызаттар тудыруы мүмкін.
- ▶ Мұздатқыш бөліктің ішкі бетіне әсіресе ылғал қолыңызды тигізбеңіз, себебі қолдарыңыз осындай бетке мұздап жабысып қалуы мүмкін.



- ▶ Есіктің тығыздағышын әрдайым таза ұстау керек.
- ▶ Құрылғының ішкі бөлігін және корпусын бейтарап жуғыш зат қосылған жылы су ерітіндісіне батырылған губкамен тазалаңыз.

Мұздатқыштың ішкі және сыртқы беттерін, соның ішінде есік тығыздағышын, есік сөрелерін, шыны сөрелерді, контейнейлерді және т.б. жылы суға малынған жұмсақ шүберекпен немесе губкамен сүртіңіз (суға бейтарап жуғыш зат қосуға болады).

- ▶ Сұйықтық төгілген кезде барлық ластанған бөліктерді алып тастаңыз, оларды ағынды сумен шайыңыз, құрғатыңыз және қайтадан мұздатқышқа салыңыз.
- ▶ Егер қою сүт өнімдері (мысалы еріген кілегейлі балмұздақ) төгілген болса, барлық ластанған бөліктерін шығарыңыз, 40 °C шамасындағы жылы суға біраз уақытқа салып қойңыз, ағынды сумен шайыңыз, кептіріңіз және қайта мұздатқышқа орналастырыңыз.
- ▶ Егер кішкене бөлік немесе компонент мұздатқыштың ішінде (сөрелер немесе контейнерлер арасында) тұрып қалса, оларды алу үшін кішкене жұмсақ щетканы пайдаланыңыз. Егер сіз бұл затты ала алмасаңыз, Клиенттерге қолдау көрсету қызметіне хабарласыңыз.
- ▶ Жуғыш затты жуып, жұмсақ шүберекпен құрғатып сүртіңіз.
- ▶ Құрылғының алынбалы бөліктерін ыдыс жуғыш машинада жууға болмайды.
- ▶ Құрылғыны қайта қоспас бұрын кем дегенде 7 минут күтіңіз, себебі жиі іске қосу компрессордың зақымдалуына әкелуі мүмкін.

### Ұзақ уақыт бойы пайдаланбау

Егер құрылғы ұзақ уақыт бойы пайдаланылмаса:

- ▶ Азық-түлікті шығарыңыз.
- ▶ Электр қуат көзі кабелін розеткадан ажыратыңыз.
- ▶ Құрылғыны жоғарыда сипатталғандай тазалаңыз.
- ▶ Ішінде жағымсыз иістердің пайда болуына жол бермеу үшін үшін есікті жаппаңыз.



#### **ЕСКЕРТУ:**

Құрылғыны аса қажет болған жағдайда ғана өшіріңіз.

### Құрылғыны жылжыту

1. Барлық тамақ өнімін шығарып, ашаны розеткадан суырыңыз.
2. Тоңазытқыш пен мұздатқыш камераларындағы сөрелер мен басқа қозғалмалы бөлшектерді жабысқақ таспамен бекітіңіз.
3. Салқындату жүйесіне зақым келтірмеу үшін мұздатқышты 45°-тан артық еңкейтпеңіз.



#### **НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!**

- ▶ Құрылғыны тұтқаларынан ұстап көтермеңіз.
- ▶ Құрылғыны жерге ешқашан көлденең қоймаңыз.

## 8 Ақаулықтарды іздеу және жою

Көптеген туындаған мәселелерді маманның қатысуынсыз дербес шешуге болады. Мәселе туындаған жағдайда, көрсетілген барлық себептерді тексеріп, сервистік қызметке жүгінгенге дейін төмендегі нұсқауларды орындаңыз. КЛИЕНТТЕРДІ ҚОЛДАУ ҚЫЗМЕТІ тарауын қар.



### НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- ▶ Техникалық қызмет көрсетуден бұрын құрылғыны өшіріп, қуат кабелін электр желісінен ажыратыңыз.
- ▶ Электр жабдықтарына техникалық қызмет көрсетуді тек білікті электриктер ғана жүргізуі керек, өйткені дұрыс емес жөндеу кейіннен айтарлықтай зақым келтіруі мүмкін.
- ▶ Қауіпті болдырмау үшін зақымдалған жабдықты тек өндіруші, өндірушінің сервистік орталығының өкілі немесе ұқсас біліктілікке ие маман ауыстыруы керек.

Мәселе	Ықтимал себебі	Ықтимал шешімі
Компрессор жұмыс істемейді.	<ul style="list-style-type: none"><li>• Желілік аша розеткаға қосылмаған.</li><li>• Құрылғы еріту циклінде тұр.</li></ul>	<ul style="list-style-type: none"><li>• Ашаны розеткаға қосыңыз.</li><li>• Бұл автоматты түрде еріту үшін қалыпты жағдай.</li></ul>
Құрылғы жиі қосылады немесе өте ұзақ уақыт бойы жұмыс істейді.	<ul style="list-style-type: none"><li>• Ішіндегі немесе сыртындағы температура тым жоғары.</li><li>• Құрылғы біраз уақыт бойы өшірулі болды.</li><li>• Құрылғының есігі мықтап жабылмаған.</li><li>• Есік тым жиі ашылып жүрді немесе ұзақ уақыт бойы ашық қалып отырды.</li><li>• Мұздатқыш камерада тым төмен температура орнатылған.</li><li>• Есіктің тығыздағышы ластанған, тозған, жарылған немесе біркелкі орнатылмаған.</li><li>• Қажетті ауа айналымы қамтамасыз етілмеген.</li></ul>	<ul style="list-style-type: none"><li>• Бұл жағдайда құрылғының ұзақ жұмыс істеуі қалыпты саналады.</li><li>• Әдетте құрылғыны толығымен салқындату үшін 8-ден 12 сағатқа дейін уақыт кетеді.</li><li>• Есікті/жылжымалы контейнерді жабыңыз және құрылғының тегіс бетте орналасқанын, сондай-ақ өнімдер мен контейнерлердің есікті жабуға кедергі келтірмейтінін тексеріңіз.</li><li>• Есікті/жылжымалы контейнерді тым жиі аша бермеңіз.</li><li>• Қанағаттанарлық температураға жеткенше аса төмен температураны орнатыңыз. Мұздатқыштың тұрақты температурасын қамтамасыз ету үшін 24 сағат қажет.</li><li>• Сервистік қызметке хабарласу арқылы есік/контейнер тығыздағышын тазалаңыз немесе ауыстырыңыз.</li><li>• Жеткілікті желдетуді қамтамасыз етіңіз.</li></ul>

Мәселе	Ықтимал себебі	Ықтимал шешімі
Мұздатқыштың ішкі жағы ластанған және (немесе) иісі бар.	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Мұздатқыштың ішін жуу керек.</li> <li>• Мұздатқышта күшті иісі бар өнім сақталады.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Мұздатқыштың ішін тазалаңыз.</li> <li>• Өнімдерді мұқият ораңыз.</li> </ul>
Құрылғының ішінде температура жеткілікті түрде төмен емес.	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Тым жоғары температура мәні орнатылған.</li> <li>• Мұздатқышқа тым жылы тағамдарды салдыңыз.</li> <li>• Бір уақытта тым көп тамақ өнімі сақталады.</li> <li>• Тамақ өнімдері бір-біріне тым жақын орналастырылған.</li> <li>• Құрылғының есігі/ жылжымалы контейнері мықтап жабылмаған.</li> <li>• Есік/жылжымалы контейнер тым жиі ашылған немесе ұзақ уақыт бойы ашық тұрған.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Температураны реттеңіз.</li> <li>• Тамақ өнімдерін сақтауға қоймас бұрын, оларды әрдайым суытыңыз.</li> <li>• Мұздатқышта тым көп тағамды сақтамаңыз.</li> <li>• Ауа ағынын қамтамасыз ету үшін өнімдер арасында бос орын қалдырыңыз.</li> <li>• Есікті/жылжымалы контейнерді жабыңыз.</li> <li>• Есікті/жылжымалы контейнерді тым жиі аша бермеңіз.</li> </ul>
Құрылғының ішінде температура тым төмен.	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Тым төмен температура орнатылған.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Температураны реттеңіз.</li> </ul>
Мұздатқыш камерасы ішінде конденсаттың пайда болуы.	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Климат тым жылы және ылғалды.</li> <li>• Құрылғының есігі/ жылжымалы контейнері мықтап жабылмаған.</li> <li>• Есік/жылжымалы контейнер тым жиі ашылған немесе ұзақ уақыт бойы ашық тұрған.</li> <li>• Тамақ өнімдеріне немесе сұйықтықтарға арналған контейнерлер ашық қалдырылған.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Аса жоғары температураны орнатыңыз.</li> <li>• Есікті/жылжымалы контейнерді жабыңыз.</li> <li>• Есікті/жылжымалы контейнерді тым жиі аша бермеңіз.</li> <li>• Ыстық тағамдарды бөлме температурасына дейін суытыңыз, тамақ пен сұйықтық салынған контейнерлерді жабыңыз.</li> </ul>
Мұздатқыштың сыртқы бетінде немесе есіктер арасында (есік пен контейнер) ылғал жиналады.	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Климат тым жылы және ылғалды.</li> <li>• Есік тығыз жабылмаған.</li> <li>• Құрылғының ішіндегі суық ауа мен сыртындағы жылы ауаның әсерінен конденсация пайда болады.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Бұл — ылғалды климатта қалыпты жағдай. Ылғалдылық төмендеген кезде конденсация төмендейді.</li> <li>• Есіктің/жылжымалы контейнердің мықтап жабылғанына көз жеткізіңіз.</li> </ul>
Мұздатқыш камерасында мұз бен қарау тым көп.	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Өнімдер дұрыс оралған жоқ.</li> <li>• Құрылғының есігі/ жылжымалы контейнері мықтап жабылмаған.</li> <li>• Есік/жылжымалы контейнер тым жиі ашылған немесе ұзақ уақыт бойы ашық тұрған.</li> <li>• Есіктің/контейнердің тығыздағышы ластанған, тозған, жарылған немесе біркелкі орнатылмаған.</li> <li>• Есіктің/жылжымалы контейнердің дұрыс жабылуына ішінен бір нәрсе кедергі келтіреді.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Тамақ өнімдерін мұқият ораңыз.</li> <li>• Есікті/жылжымалы контейнерді жабыңыз.</li> <li>• Есікті/жылжымалы контейнерді тым жиі аша бермеңіз.</li> <li>• Есіктің/жылжымалы контейнердің тығыздағышын жуыңыз немесе ауыстырыңыз.</li> <li>• Есікті не контейнерді жабу үшін ішкі сөрелерді, есік сөрелерін немесе ішкі контейнерлерді қайта ауыстырып қойыңыз.</li> </ul>

Мәселе	Ықтимал себебі	Ықтимал шешімі
Корпустың бүйір қабырғасы мен есік тақтайшасы қызып кетеді.	-	• Бұл қалыпты жағдай.
Пайдалану барысында құрылғы оған тән емес дыбыстар шығарады.	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Құрылғы тегіс емес жерде орналасқан.</li> <li>• Құрылғы жақын орналасқан қандай да бір затқа тиеді.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Құрылғыны туралау үшін аяқтарды реттеңіз.</li> <li>• Заттарды мұздатқыштан алыстатыңыз.</li> </ul>
Ағып жатқан судың дыбысына ұқсас әлсіз дыбыс естіледі.	-	• Бұл қалыпты жағдай.
Әлсіз гуіл естіледі.	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Конденсатқа қарсы жүйе жұмыс істейді.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Бұның нәтижесінде конденсат пайда болмайды және бұл — қалыпты жағдай.</li> </ul>

### Электр қуатын берудегі үзілістер

Электр энергиясы өшкен жағдайда, тамақ өнімдері шамамен 18 сағат кепілдікті түрде суық күйде қалады. Ұзақ уақыт бойы электр қуат көзін өшіру кезінде, әсіресе жазда, төмендегі нұсқауларды орындаңыз:

- ▶ Есікті/контейнерлерді мүмкіндігінше аз ашуға тырысыңыз.
- ▶ Егер электр энергиясын беру тоқтаса, құрылғыға қосымша тамақ өнімдері салынбайды.
- ▶ Электр энергиясын өшіру туралы алдын ала хабарландыру беріліп, ал электр энергиясын беруді тоқтату ұзақтығы 5 сағаттан асса, кішкене мұз ерітіп, оны мұздатқыш камерасының жоғарғы бөлігіндегі контейнерге салыңыз.
- ▶ Энергия беру тоқтатыла салысымен тамақ өнімдерін тексеру қажет.
- ▶ Мұздатқыштағы температура энергия беруді тоқтату немесе басқа іркілістер кезінде көтерілгеніне қарай, өнімдерді сақтау мерзімі мен тағамдық сапа төмендейді. Денсаулыққа қауіп төнбес үшін еріген өнімдерді тамаққа қолдану немесе пісіру керек. Қажет болған жағдайда көп ұзамай қайта мұздату қажет.

# 9 Орнату

## Қаптамадан шығару



### НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!


- ▶ Мұздатқыш өте ауыр. Оны жылжыту үшін кем дегенде екі адам қажет.
- ▶ Барлық қаптама материалдарын балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз және оларды қоршаған ортаға зиян тигізбейтін етіп кәдеге жаратыңыз.
- ▶ Мұздатқышты қаптамадан алыңыз.
- ▶ Барлық қаптау материалын алып тастаңыз.

## Қоршаған орта жағдайлары

Орынжай температурасы әрдайым 10–38 °С аралығында болуы керек, себебі бұл құрылғының ішіндегі температураға және оның энергия тұтынуына әсер етуі мүмкін. Құрылғыны басқа жылу шығаратын аспаптардың (тұмшапештер, тоңазытқыштар) жанына орнатпаңыз.


## Кеңістікке қойылатын талаптар

Есікті ашу үшін қажетті кеңістік.



## Желдетуге арналған саңылаулар

Құрылғының жеткілікті желдетілуін қамтамасыз еткіңіз келсе, қауіпсіздік мақсатында желдету үшін саңылауларға қойылатын талаптар сақталуы керек.




Ені, мм		Тереңдігі, мм			Қабырғаға дейінгі арақашықтық, мм
W1	W2	D1	D2	D3	D4
545	824	500	1002	1064	75

## Құрылғыны туралау


Құрылғыны тегіс және қатты бетке жайғастыру қажет.

1. Құрылғыны сәл артқа еңкейтеңіз.
2. Аяқтарды қажетті деңгейге бұраңыз.

Есіктің дұрыс ашылатындай етіп ілмегіндегі қаптың қашықтығы кем дегенде 100 мм екеніне көз жеткізіңіз.



3. Мұздатқыштың тұрақтылығын бұрыштарды диагональ бойынша кезек-кезек басу арқылы тексеруге болады. Жеңіл тербеліс барлық бағытта бірдей болуы керек. Әйтпесе, корпус деформациялануы мүмкін; нәтижесінде есік тығыздағыштарының қысымы төмендейді. Егер сіз мұздатқышты сәл артқа бұрсаңыз, бұл есіктерді жабуды жеңілдетеді.



### ЕСКЕРТУ:

Бөлек тұрған құрылғы үшін: бұл мұздатқыш кіріктірілген аспап ретінде пайдалануға арналмаған.

## Қосар алдында ұстау уақыты


Қызмет көрсетуді талап етпейтін майлау майы компрессор қаптамасының ішінде орналасқан. Бұл май көлбеу тасымалдау кезінде түтіктер арқылы ағып кетуі мүмкін. Құрылғыны қуат көзіне қоспай тұрып, майдың қаптамаға қайтуы үшін кемінде 2 сағат күту керек.

## Қуат көзіне қосылу

Әр қосылыстың алдында мынаған көз жеткізіңіз:

- ▶ қуат көзі, розеткалар және сақтандырғыш параметрлері зауыттық тақтайшаға сәйкес келеді;
- ▶ розетка ұзартқыштың, тармақтағыштың бөлігі болып табылмайды және жерге тұйықталған;
- ▶ аша мен розетка бір-біріне қатаң сәйкес келеді.

Ашаны тек дұрыс орнатылған тұрмыстық розеткаға қосыңыз.



### НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Тәуекелдерді болдырмау үшін зақымдалған қуат кабелін сервистік қызмет ауыстыруы керек.

## Есіктің ашылу бағытын өзгерту


Құрылғыны қуат көзіне қоспай тұрып қойылатын жер мен пайдалану ыңғайлы болу үшін есігін оң жақтан (үнсіз келісіммен) сол жаққа ауыстыру керек пе, соның тексеріңіз.




### НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- ▶ Мұздатқыш өте ауыр. Есіктің ашылу бағытын өзгерту бірге жасалуы керек.
- ▶ Кез келген әрекетті орындамас бұрын алдымен құрылғыны электр желісінен ажыратыңыз.
- ▶ Салқындату жүйесіне зақым келтірмеу үшін құрылғыны 45°-тан артық еңкейтпеңіз.

### Әрекеттер тізбегі



1. Қажетті құралды дайындаңыз.
2. Құрылғыны электр желісінен ажыратыңыз.
3. Ілгек тесігінің қақпағын және ілгек қақпағын шешіп алыңыз.
4. 3 бұранданы бұрап, ілмекті алыңыз.
5. Есікті ашып, алыңыз.
6. Есіктің сол жағындағы қақпақты алыңыз.
7. Есіктің оң жағындағы қақпақты бекітіңіз.
8. Есікті төңкеріп, есіктің төменгі жағындағы 2 бұранданы және есік тығынын алыңыз.
9. Алдыңғы қадамда алынған есік тығынын екінші жағынан 2 бұрандамен бекітіңіз.
10. Корпусты сәл артқа бұраңыз, 3 бұранданы, төменгі ілмекті және реттелетін аяқтарды алыңыз.



11. Ілмек осін алыңыз.
12. Ілмек осін келесі тесікке бекітіңіз.

13. Ілмекті корпустың қарама-қарсы жағына 4 бұрандамен және реттелетін аяқтармен бекітіңіз.

14. Есікті орнатыңыз.

15. Жоғарғы ілмекті 3 бұрандамен бекітіңіз.

16. Ілгек тесігінің қақпағын және ілгектің жоғарғы сол жақ қақпағын бекітіңіз.

17. Дайын.

# 10 Техникалық сипаттамалары

## Техникалық сипаттамалары

Бренд	Candy	
Жеткізуші моделінің идентификаторы	CUF163WA	CUF90WA
Модельдің санаты	Морозильник	
Энергиялық тиімділік класы	A	A+
Энергияны жылдық тұтынуы (кВт·сағ/жыл) <sup>1)</sup>	284	160
Мұздатқыш камераның көлемі (л)	165	90
Тоңазыту класы	***	
Электр энергиясын өшіру кезінде сақтау (сағ)	12	25
Мұздату өнімділігі (кг/24 сағ)	8	5.5
Климаттық класс (бұл құрылғы қоршаған орта температурасында 10 °С-тан 38 °С-қа дейін қолдануға арналған).	SN, N, ST	
Шу деңгейі дБ(A)	38	37
Құрылыс түрі	отдельностоящий	
Салқындату технологиясы	Low frost	

## Түсініктемелер:

1. Стандарттарға сәйкестігін сынау нәтижелері бойынша 24 сағат ішінде. Нақты тұтыну құрылғының қолданылуы мен орналасуына байланысты.
2. SN климаттық класы: құрылғы +10 °C-тан +32 °C-қа дейінгі қоршаған орта температурасында пайдалануға арналған  
N климаттық класы: құрылғы +16 °C-тан +32 °C-қа дейінгі қоршаған орта температурасында пайдалануға арналған  
ST климаттық класы: құрылғы +16 °C-тан +38 °C-қа дейінгі қоршаған орта температурасында пайдалануға арналған  
T климаттық класы: құрылғы +16 °C-тан +43 °C-қа дейінгі қоршаған орта температурасында пайдалануға арналған.

## Қосымша техникалық сипаттамалар

Моделі	CUF163WA	CUF90WA
Номиналды кернеуі/ номиналды жиілігі	220–240 В/50 Гц	220–240 В/50 Гц
Номиналды ток (А)	0,8	0,8
Тоңазытқыш агент	R600a (82 г)	R600a (47 г)
Өлшемдері (Е × Т × Б, мм)	545*570*1380	545*570*860
Салмағы (кг)		
Таза	39	25
Жалпы	47	28

## Клиенттерге қолдау көрсету қызметі

Біз Candy қолдау қызметіне хабарласуды, сондай-ақ түпнұсқа қосалқы бөлшектерді пайдалануды ұсынамыз. Егер сіздің тұрмыстық техникаңызда мәселелер туындаса, алдымен «Ақаулықтарды жою» бөлімін оқып шығыңыз.

Егер сіз мәселеңіздің шешімін таба алмасаңыз, мынаған жүгініңіз:

— өзіңіздің ресми дилеріңізге немесе

— біздің колл-орталыққа:

8-800-070-03-29

— <https://haieronline.kz> сайтына, онда сіз қызметке сұрау сала аласыз, сондай-ақ жиі қойылатын сұрақтарға жауап таба аласыз.

Біздің сервистік орталыққа хабарласып, паспорт тақтайшасында және чекте таба алатын келесі ақпаратты дайындаңыз:

Моделі \_\_\_\_\_

Сериялық нөмірі \_\_\_\_\_

Сату күні \_\_\_\_\_



Сондай-ақ, кепілдік пен сату құжаттарын тексеріңіз.

Маңызды! Аспапта сериялық нөмірінің болмауы Өндіруші үшін аспапты сәйкестендіруді және нәтижесінде кепілдікті қызмет көрсетуді мүмкін емес етеді. Аспаптан зауыттық сәйкестендіру тақтайшаларын алып тастауға тыйым салынады. Зауыттық тақтайшалардың болмауы кепілдік міндеттемелерді орындаудан бас тартуға әкелуі мүмкін.

Осы құжатқа алдын ала ескертусіз өзгерістер енгізілуі мүмкін. Өндіруші қосымша ескертусіз бұйымның құрылымы мен жиынтықтамасына өзгерістер енгізу құқығын өзіне қалдырады.

Өнім Еуразиялық экономикалық (кеден) одағының техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкес келеді:

КО ТР 004/2011 «Төмен вольтты жабдықтың қауіпсіздігі туралы»,

КО ТР 020/2011 «Техникалық құралдардың электрмагниттік үйлесімділігі»,

ЕАЭО ТР 037/2016 «Электротехника және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттарды қолдануды шектеу туралы».

Тасымалдау және сақтау

Өнімде көрсетілген өңдеу белгілеріне сәйкес түпнұсқа қаптамасында тасымалдануы және сақталуы керек.

Тиеу, түсіру және тасымалдау кезінде сақ болыңыз.

Көлік пен сақтайтын орын өнімді жауын-шашыннан және механикалық зақымданудан қорғауды қамтамасыз етуі керек.

## КЕПІЛДІК ТАЛОНЫ

### Құрметті сатып алушы!

Haier корпорациясы таңдауыңыз үшін Сізге алғыс білдіреді, осы бұйымды пайдалану ережелерін сақтаған жағдайда оның жоғары сапасы мен мінсіз жұмыс істейтініне кепілдік береді. Күнделікті өмірде пайдалануға арналған кір жуғыш машиналардың ресми қызмет ету мерзімі бұйымды соңғы тұтынушыға берген күннен бастап 7 жылды құрайды. Бұйымның жоғары сапасын ескере отырып, нақты пайдалану мерзімі ресми мерзімнен едәуір асып кетуі мүмкін. Қызмет мерзімі аяқталғаннан кейін профилактикалық жұмыстарды жүргізу және ұсыныстар алу үшін Уәкілетті сервистік орталыққа хабарласуды ұсынамыз. Барлық өнім пайдалану шарттарын ескере отырып дайындалған және техникалық талаптарға сәйкестікке тиісті сертификаттаудан өткен.

Түсінбестікті болдырмау үшін сатып алған кезде пайдалану жөніндегі нұсқаулықты, кепілдік міндеттемелерінің шарттарын мұқият оқып шығуыңызды. Бұл бұйым тұрмыстық мақсаттағы техникалық күрделі тауар болып табылады. Егер Сіз сатып алған бұйым арнайы орнатуды және қосылуды қажет етсе, сізге Candy Уәкілетті сервистік орталыққа хабарласуды ұсынамыз.

Haier корпорациясы бұйымда кемшіліктер анықталған жағдайда қолданыстағы тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы заңнамада, басқа да нормативтік актілерде орнатылған тұтынушылардың талаптарын қанағаттандыру бойынша міндеттемелерді қабылдайтындығын растайды. Алайда, Haier корпорациясы төменде сипатталған шарттар сақталмаған жағдайда бұйымға кепілдік беруден бас тарту құқығын өзіне қалдырады.

### Кепілдік бойынша қызмет көрсету шарттары

Haier корпорациясы тауар тұтынушыға табыс етілген күннен бастап 12 ай кепілдік мерзімді орнатады. Біқтимал түсініспеушіліктерді болдырмау үшін оны сату кезінде бұйымға қоса берілген құжаттарды (тауар чегі, кассалық чек, пайдалану құжаттамасы, кепілдік талоны) қызмет ету мерзімі ішінде сақтаңыз.

Кепілдік қызмет көрсетуді тек Candy уәкілетті сервистік орталықтары орындайды. Уәкілетті сервистік орталықтарының толық тізімін Candy Ақпараттық орталығынан мына телефондар арқылы білуге болады:

8 (800) 070-03-29 — Қазақстандағы тұтынушылар үшін (Қазақстан өңірлерінен тегін қоңырау шалу) немесе <https://haieronline.kz> сайтында немесе [support-kz@haieronline.kz](mailto:support-kz@haieronline.kz) электрондық поштасында сұрау салу арқылы.

Уәкілетті сервистік орталықтардың деректері өзгертілуі мүмкін, толығырақ ақпарат алу үшін Candy Ақпараттық орталығына хабарласыңыз.

### Кепілдікті және қосымша сервистік қызмет көрсету кемшіліктері мыналардың салдарынан туындаған бұйымдарға таралмайды:

- тұтынушының тауарды пайдалану, сақтау және/немесе тасымалдау шарттары мен ережелерін бұзуы;
- бұйымды дұрыс орнатпау және/немесе қосу;
- құжатпен расталған тиісті біліктілігі жоқ адамдарды Бұйымды монтаждауға тарту сияқты тоңазытқыш контурымен және электр қосылымдарымен жұмыс технологиясын бұзу;
- пайдалану құжаттамасында талап етілсе, Бұйымға уақытылы техникалық қызмет көрсетудің болмауы;
- су құбыры желісінде артық немесе жеткіліксіз қысым;
- бұйымның осы типіне сәйкес келмейтін жуғыш заттарды қолдану, сондай-ақ жуғыш заттардың ұсынылған мөлшерінен асып кетуі;
- бұйымды ол арналмаған мақсаттарда пайдалану;
- үшінші тұлғалардың іс-әрекеттері: уәкілетті емес тұлғалардың дайындаушы рұқсат етпеген жөндеуі немесе құрылымдық немесе сұлбалық-техникалық өзгерістерді енгізуі;
- қуат беру желілерінің стандарттары мен нормаларынан ауытқулар;
- еңсерілмейтін күш әсерлері (апат, өрт, найзағай және т. б.);
- жазатайым оқиғалар, тұтынушының немесе үшінші тұлғалардың қасақана немесе абайсыз әрекеттері;
- егер бұйымның ішіне бөгде заттардың, заттардың, сұйықтықтардың, жөндіктердің, жөндіктердің қалдықтарының түсуінен болатын зақым анықталса;

### Кепілдік және қосымша сервистік қызмет көрсету мынадай жұмыс түрлеріне таралмайды:

- бұйымды пайдалану орнында орнату және қосу;
- тұтынушыға бұйымды пайдалану бойынша нұсқау беру және кеңес беру;
- бұйымды сыртынан не болмаса ішінен тазалау.

### Кепілдік және қосымша сервистік қызмет көрсетуге төменде келтірілген шығын материалдары мен аксессуарлары жатпайды:

- кір жуғыш және ыдыс жуғыш машиналарға арналған сүзгілер, суды жеткізуге/төгуге арналған құбыршектер;
- бұйымға қоса берілетін құжаттама.

Бұйымға мерзімді қызмет көрсету (сүзгілерді ауыстыру және т.б.) тұтынушының өтініші бойынша қосымша ақыға жасалады.

**Маңызды!** Аспапта сериялық нөмірінің болмауы Өндіруші үшін аспапты сәйкестендіруді және нәтижесінде кепілдікті қызмет көрсетуді мүмкін емес етеді. Аспаптан зауыттық сәйкестендіру тақтайшаларын алып тастауға тыйым салынады. Зауыттық тақтайшалардың бүлінуі немесе болмауы кепілдік міндеттемелерді орындаудан бас тартуға әкелуі мүмкін.

# CANDY

**RU**

**Изготовитель:**

«Haier Overseas Electric Appliances Corp. Ltd.»,  
Room S401, Haier Brand building,  
Haier Industry park Hi-tech  
Zone, Laoshan District, Qingdao,  
China

**Уполномоченная организация/  
импортер:**

ООО «ХАР» 121099, г. Москва,  
Новинский бульвар, д. 8, этаж 16,  
офис 1601

**Уполномоченная организация  
в Республике Казахстан:**

ТОО «Хайер Мидл Эйжа»,  
050000, город Алматы,  
Медеуский район,  
Проспект Достық, дом 210.

**Гарантийный срок и дата  
изготовления указаны на  
этикетке устройства.**

**Сделано в Китае**

**KZ**

**Өндіруші:**

«Haier Overseas Electric Appliances Corp. Ltd.»,  
Рум S401, Хайер бренд билдинг,  
Хайер индустри парк Хай-тек  
зон, Лаошан дистрикт, Циндао,  
Қытай

**Қазақстан Республикасындағы  
уәкілетті ұйым/ импорттаушы:**

«Хайер Мидл Эйжа» ЖШС,  
050000, Алматы қаласы, Медеу  
ауданы, Достық даңғылы,  
210 ғимарат.

**Кепілдік мерзімі мен  
шығарылған күні құрылғының  
жапсырмасында көрсетілген.**

**Қытайда жасалған**



0070520381A